

Спорттың әр түрінен 33 студенті ұлттық құрамалар сапына қабылданған, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен 11 студенттің, кешегі Бейжін олимпиадасына баруы – біз мықтымыз деп мақтанатын бірқатар мемлекеттердің өзі қол жеткізе алмаған жетістік. Олардың арасынан Еркебұлан Шыналиев, Алла Важенина, Елена Шалыгина Олимпиада ойынынан олжалы оралды. Жүлдеге ілікпеді демесеңіз, әлемде алғашқы бестікке кіретін әйгілі көркем гимнастшы Әлия Жүсіпова, белгілі былғары қолғап шебері Біржан Жақыпов кімнен кем!

Сиднейде Олимп биігін бағындырып, қазақ боксы тарихының таза парағына өшпес қолтаңбасын қалдырған, небәрі 20 жасында өмірден өткен марқұм Бекзат Саттарханов та осы оқу ордасының студенті еді. Тізбелей түссек, М.Әуезов атындағы Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті болып табылатын атақты спортшылар жетерлік. Боз кілемде белдескенде бойына алабөтен қайрат бітетін балуан Марат Мықтыбаев ОҚМУ-дың студенті болып жүріп, самбодан әлем чемпионы атанды. Қайсыбірін айтайық бұлардың. Болашағынан үлкен үміт күттіретін жалынды жастар қаншама! 44 студенттің спорт шебері, 16 студенттің халықаралық дәрежедегі спорт шебері болуы бекер деймісіз. Талантымен танылуға талпынғандарға оқу орнында моральдық та, материалдық та тұрғыдан жан-жақты қамқорлық жасалған. Тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардың балаларына, сондай-ақ жетімдіктің тауқыметін тартқан студенттерге, өнер мен спорттағы жетістікке жеткендерге университеттің қаржысы есебінен тегін білім алуына, асханадан тегін тамақтануына, заман талабына сай жабдықталған жайлы жатақханада тегін тұруына жағдай туғызылған.

Спорт саласында ғана емес, ғылым-білімде, қоғамдық жұмыста, өнерде суырылып алға озғандарды қолдап отыру әбден қалыптасқан дәстүрге айналған десек, әсіресе нақты кімдерге қолұшын созуға келгенде бармақ басты, көз қысты сыбайластықтың, тамыр-таныстықтың, тіпті ректораттағы жоғарғы басшылықтағылардың да тапсырмасы жүзеге аспайтыны қуантады. Өйткені, оқу орнында студенттердің өзін-өзі басқару тәсілі дұрыс жолға қойылып, кенінен қанат жайған. Әр ай сайын студенттердің өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылып, маңызды мәселелер жариялы түрде талқыланады. Студенттердің аралауан жобаларына қажетті қаржы әжептеуір көлемде университет қазынасынан бөлінген. Бірқатар студенттер ректорат пен ғылыми кеңестің мүшелігіне енген.

облыстарда қазақша "КВН" командалар екі-үшеуден, бес-алтаудан аспаса, бір ғана Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде кілең "сен тұра тұр, мен атайын" дейтін сайдың тасындай іріктелген 12 команда құрылған. Олардың ортақ "Шымқала" деп аталатын құрама командасы соңғы жылдары жоғары топта қарсылас шақ келтірмей жүр. Республикалық премьер-лигада «Шымқаланың» тағы да чемпион атанғанына көп бола қойған

тұғандат қаржылай қолдау танытатын демеушілер табылып жатса Сочиге сапар шегіп, атақты Масляковтың алдында әлемнің әр тарапынан жиналған күшті командалармен бірге терезесі тең өнер көрсетуге қол жеткізсек қанеки?! Қашанда талантты, талапты жастарды моральдық, материалдық тұрғыдан қолдауға дайын тұратын оқу орнының білікті басшысы Уәлихан Бишімбаев пен проректор Тұрлыбек Ысқақов сынды абзал азаматтардың сенімін

қомақты олжаға кенелуі жыл сайын жалғасатын жақсы дәстүрге айналған. Айталық, 2002 жылы Шәмші шығармашылығын дәріптеген байқаудан «Ақ Келес» триосы байқаудың бас жүлдесін қанжығасына байлады. Шәмшінің сирек орындалып жүрген «Арайлым, ақ Келесім» өнін тамаша шеберлікпен шырқаған жігіттерге қатты риза болған халық өртісі Нұрғали Нүсіпжанов жаңадан құрылғандықтан өлі аты да қойылмаған триоға «Ақ Келес» деген атау ұсынды. Одан кейінгі жылдарда да ОҚМУ-дің студенттері ұдайы топ жарып жүр. ОҚМУ-да оқитын студенттерден жасақталған «Жігіттер» квартеті бас жүлдені иеленді. «Жалын» триосы ІІ орын, «Таң нұры» дуэті арнайы номинация бойынша жүлде алды, тағысын тағылар. Айтпақшы, талантымен елді мойындатқан Мақпал Жүнісова, Ескендір Хасанғалиев, Марат Омаров сияқты өнер тарландары бір кездердегі осы оқу орнының түлектері.

Биылғы жыл ОҚМУ үшін олжалы болды. Жаз маусымында оқу орнының 7 білім бағдарламасы еуропалық танымал аккредитациялық агенттікте (Дюссельдорф, Германия) халықаралық аккредитациялаудан табысты өтіп, мемлекет басшысы Н.Назарбаев тапсырған міндетті елімізде алғашқылардың бірі болып орындады. Жуырда Мәскеуде ұйымдастырылған «ТМД-ның үздік компаниялары» атты екінші халықаралық саммитте «оқу-ағарту, тәрбиелік және ғылыми-өндірістік жетістіктері үшін» номинациясы бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ марапатталды. Оқу орнының бүгінде қай салада болмасын тасы өрге домалап тұрса, командасына іс тегігін шешетін кадрлар жинай білген оқу орнының басшысы Уәлихан Бишімбаевтың іскерлігі, біліктілігі, ұтымды ұйымдастырушылығы нәтижесінде дос сүйсініп, дұшпан күйінген оң бастамалар жүзеге асып жатыр. Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, техника ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Уәлихан Қозыкеулы екі мәрте облыстық мәслихаттың маңдатын иеленген халық қалаулысы. Кезінде ол Тараздағы мемлекеттік университетті басқарғанда сол оқу орнына тұғырлы тұлға Мұхамед Хайдар Дулатидің аты берілуіне, еңселі ескерткіші тұрғызылуына, мұражайы ашылуына елеулі үлес қосқан еді. Енді міне ұлы Әуезовтың есімін иеленген оқу ордасында ел сүйсінер тірлік көп.

Ғалымжан ҚАМЫТБЕКУЛЫ

ОҚМУ

ОҚ БОЙЫ ОЗЫП ТҰР



Мәртебесі жағынан проректор қызметімен деңгейлесетін студенттер ректорына өзекті мәселерді шешетін құқық та, құзыр да берілген. Студенттік кеңес ОҚМУ-дің кіші халықтар ассамблеясымен, дебат орталығымен, қоғамдық мамандықтар факультетімен әрдайым ой бөлісіп, пікір алмасып, игі тірліктерді бірлескен түрде атқарады.

Жұрт аузында "КВН" аталып кеткен қазақ тіліндегі көңілді тапқырлар клубының еліміздегі ошағы – Оңтүстік Қазақстан облысы екеніне ешкім талас тудырмайды. Республикалық деңгейдегі бәсекелерде ақтық айқасқа қатысатын жолдаманы өңкей оңтүстік қазақстандық командалар иеленіп, өзара жан алысып, жан берісіп жатуы қазақша "КВН" желкен түрген жеті жылдан бері үздіксіз жалғасып келеді. Жоғарғы және орта оқу орындары көп шоғырланған Алматы мен Астана қалаларының өзі қазақ тілді көңілді тапқырлар клубын дамыту жағынан оңтүстіктен оза алар емес. Ал бірқатар

жоқ. Жақында Алматы қаласында халықаралық деңгейде өткен ашық лига ойынында, әсіресе Ресейдің мықты командалары қатысқан бәсекеде ОҚМУ-дың орыс тілінде ойнайтын командасы жаңадан жасақталғанына қарамастан бас жүлдені қанжығаларына байлады. Сөйтіп, келер жылы Сочиде болатын аса жауапты ойынға жолдама жеңіп алды. "Қазақшаны қатырғандарымен орыс тілді "КВН" ойнап, қайбір оңдырады дейсің?" деп мысқылдап сөйлеп, менсінбеушілік танытқан өзгелер түгілі бұл жеңісті өздері де күтпейті. Қазылар алқасы шымкенттіктердің шымбайға батар астарлы өзілдеріне әбден риза болған көрінеді.

"Жұртты күлдіріп қана қоймай, ой түюге жетелейтін қазақы тапқыр қалжындарды орыстілді ортаның санасына қабылдата білу бізге оңайға соққан жоқ. Алдағы уақытта да ерінбей еңбек етіп, ізденуден танбай қиын сынақтардан сүрінбеуге ұмтыламыз. Бағымыз бен бабымыз қатар шауып,

ақтасақ дейміз". Бұл университеттегі "КВН" командаларының жетекшісі Зұлпыхар Баймұрзаның ағынан жарылып айтқан әңгімесі.

Қазақша да, орысша да "КВН" ойнауды қатар меңгеріп, көрерменнің көзайымына айналып жүрген, ОҚМУ-дың студенті Нұркен Иманқұловтың айтуынша актерлік, әншілік, бишілік сияқты әр алуан өнердің жиынтығы есептелетін "КВН" талай жастың таланты шыңдалуына, елге танылуына зор септігін тигізе алады. Айталық, "Нысана" өзіл-сықақ театрының негізгі құрамы, "Жігіттер" квартетіндегілер, "Таң нұры" дуэтіндегілер кезінде ОҚМУ-дың "КВН" командаларында ойнағаны осының айғағы. "КВН" ойнайтындар қоғамдық жұмыста да белсенділігімен көзге түседі екен. Демек "КВН" ойының өркендетуді ойнап-күліп отырып емес білекті түріп барып кіріскен абзал. Расында да «КВН»-да шындалып, осы оқу орнында оқыған өнерпаздардың